

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

**Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы
ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы өзін-өзі бағалау
бойынша қорытынды есебі**

2025-2026 ЖЫЛ

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы
ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы өзін-өзі бағалау
құрылымы бойынша қорытынды есебі

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V «Кәсіпкерлік Кодексінің» 137 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрықтың қосымшасы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 101-НҚ бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 сәуірде № 38547 негізінде Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы, Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру үшін 2026 жылғы ақпан айының 27 күні кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы ұйымдастырылды. Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 оқу жылында мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2026 жылғы 27 ақпан №24 бұйрығымен өзін-өзі бағалауды жүргізетін комиссия мүшелері тағайындалды:

Комиссия төрайымы: А.Е.Мергенбаева «Мариям А» бөбекжайы меңгерушісі, әдіскері.

А.Е.Есниязова «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі-комиссия мүшесі

Л.А.Сагидуллина «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі-комиссия мүшесі

Ә.С.Шонаева «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі-комиссия мүшесі

Р.К.Игизбаев «Мариям А» бөбекжайы есепшісі-комиссия мүшесі

Комиссия хатшысы:

Ж.Қ.Кеңес «Мариям А» бөбекжайы тәрбиешісі

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтер және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау жүргізілді.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:	
1)	Білім беру ұйымының атауы: Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері және заңды мекен-жайы: Индекс 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Сарытау ш.а. Күлтегин 36/1
3)	Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электронды пошта, web-сайт): телефон 8 705 974 37 78 detskijsadmariama@gmail.com ЖШС "Мариям А" "Мариям А" бөбекжайының web-беттері: Сайт: mariama-uralsk.edu.kz Инстаграм: https://www.instagram.com/reel/DWE7iuRjEMu/?igsh=MW96ZzMzN2NxbXBuNA==
4)	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: (басшысының ТАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер): Мергенбаева Айсауле Ержанқызы-меңгеруші. 2023 жылғы 28 тамыздағы №28 бұйрық негізінде лауазымға тағайындалған. Байланыс телефоны: 8 (705) 974-37-78, 8 (701) 449-89-33 Электрондық поштасы: detskijsadmariama@gmail.com Білімі-арнаулы орта. 2014 жылы МКҚК «Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі» «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2021 жылы Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетін «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша аяқтаған. Біліктілікті арттыру курстары: – "BILIMGE ORLEU" үздіксіз қосымша білім беру орталығы Еңбек өтілі-2 жыл. 2024 жылы біліктілік санатын әдіскер лауазымы бойынша педагог-модератор алды. Қорытынды: Білім беру ұйымы басшысының білімі, еңбек өтілі және кәсіби даярлығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келеді. Басшыны лауазымға тағайындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен рәсімделген. Тағайындау туралы бұйрық, еңбек шарты және кадрлық құжаттар заң талаптарына сай жүргізілген. Өзін-өзі бағалау барысында білім беру ұйымы басшысының атқарып отырған лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келетіні және лауазымға тағайындау рәсімінің заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылғаны анықталды. Осы өлшемшарт бойынша сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Өлшемшарт толық орындалды 5 балл деп бағаланды.
5)	Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: Жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама №KZ79RVK00041648, 16.11.2022 жыл Бөбекжай Жарғысы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «Мариям А» «МариямА» бөбекжайы БСН 220840012493 16.05.2022 жылы құрылтайшының шешімімен бекітілген. Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйым түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №503 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына» сәйкес келеді. Ұйымның ресми атауы мен мәртебесі құрылтай құжаттарында және мемлекеттік тіркеу деректерінде нақты көрсетілген. Ұйымның түрін растайтын құжаттар (жарғы, мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, лицензия және ҰБДҚ мәліметтері) толық ұсынылған және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

	<p><i>Өзін-өзі бағалау нәтижесінде ұйым түрінің номенклатураға сәйкестігі толық расталды, сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Осы өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды.</i></p>
<p>б)</p>	<p>Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) :</p> <p>"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Орал қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызмет айналысуға ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы 01.07.2022 жылғы № L.13.X.KZ92VWF00126833</p> <p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметтің басталғаны туралы хабарламаға сәйкес, хабарламаның кіріс тіркеу нөмірі №KZ79RVK00041648, ал қабылданған күні мен уақыты 2022 жылғы 16 қараша болып табылады.</p> <p>Бөбекжайда тәрбие-оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес 3 топ жұмыс жасайды. Жобалық қуаты 48 бала.</p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және өзгерістермен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 101-НҚ бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алып зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін толық қамтыды, жұмыс бағыттары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындалуына нақты талдау жасады.</p> <p>Қорытынды: Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес рәсімделген. Ұйымның жарғысы, мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы және өзге де құрылтай құжаттары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сай келеді. Құжаттардың өзектілігі қамтамасыз етілген және білім беру қызметін заңды негізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Құжаттар белгіленген тәртіппен жүргізіледі, олардың мазмұны мен рәсімделуі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарының талаптарына сәйкес келеді.</p> <p><i>Өзін-өзі бағалау нәтижесінде аталған өлшемшарт бойынша ұйым қызметінде сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Құрылтай және рұқсат беру құжаттарының толықтығы мен заңнама талаптарына сәйкестігі расталды. Осыған байланысты өлшемшарт толық орындалды деп бағаланып, 5 балл қойылды.</i></p>
	<p>Кадрлық құрамға талдау:</p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақталған.</p> <p>ЖШС «МариямА» «МариямА» бөбекжайы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен ұсынылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС «МариямА» «МариямА» бөбекжайы педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 маусымдағы № 133 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 маусымда № 36207 болып</p>

тіркелген "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы" бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27394 тіркелген бұйрығының біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

-Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:

ЖШС «МариямА» «МариямА» бөбекжайы мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау анықтамасы, әдістемелік ұсынымдағы 1-қосымшасы, ресми сайт материалдары және Ұлттық білім беру деректер қорындағы ақпарат негізінде педагогикалық кадрлардың құрамына, олардың біліктілігіне, мектепке дейінгі ұйым қызметінің Үлгілік қағидалары талаптарының орындалуына талдау жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында барлығы 9 педагог: оның 1 меңгеруші, 1 қазақ тілі мұғалімі, 1 педагог-психолог, 1 музыка жетекшісі, 5 тәрбиеші. Меңгеруші А.Е.Мергенбаева қосымша 0,5 бірлік әдіскер қызметін атқарады.

Оның ішінде жоғары білімі бар—2 педагог (23%), арнаулы орта білімі бар—7 педагог (77%). Тиісті бейіні бойынша және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі—85% құрайды.

2024-2025 оқу жылында барлығы 8 педагог: оның 1 меңгеруші, 1 қазақ тілі, 1 музыка жетекшісі, 1 педагог-психолог, 4 тәрбиеші. Меңгеруші А.Е.Мергенбаева қосымша 0,5 бірлік әдіскер қызметін атқарады.

Оның ішінде жоғары білімі бар—3 педагог (38%), арнаулы орта—5 педагог (62%). Тиісті бейіні бойынша және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі—100% құрайды.

2025—2026 оқу жылында штаттық кесте бойынша қыркүйек айында барлығы 9 педагог: оның 1 меңгеруші, 1 педагог-психолог, 1 қазақ тілі мұғалімі, 1 музыка жетекшісі, 5 тәрбиеші. Меңгеруші А.Е.Мергенбаева қосымша 0,5 бірлік әдіскер қызметін атқарады.

Оның ішінде жоғары білімі бар—7 педагог (78%), арнаулы орта білімі бар—2 педагог (22%). Тиісті бейіні бойынша және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі—100% құрайды.

2023—2024, 2024—2025, 2025—2026 оқу жылдарының штаттық кестесі бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 21 тармағы негізінде «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы және 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 356 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 шілдеде № 33166 сәйкес қаралды. Бағаланатын кезеңге штаттық кестелер мен педагогтердің басшының қолымен бекітіліп, мөрімен расталды, штаттық кесте, сапалық құрам балабақшаның ресми сайтында орналастырылды. Әдістемелік ұсынымның 1-қосымшасы негізінде кадрлық құрам бойынша берілген мәлімет штаттық кестемен және Ұлттық білім беру деректер қорытындыға ақпараттармен сәйкес келеді.

Бағаланатын оқу жылдары тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта

даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі 5 балл.

Оқу жылдары	Барлық педагогтар саны	Соның ішінде жоғары оқу орнын бітіргендер саны	%	Барлық педагогтар (менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер)	Соның ішінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»	%
2023-2024	9	2	50%	9	5	85%
2024-2025	8	3	34%	8	5	100%
2025-2026	9	7	38%	9	6	100%

(2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдар педагогтардың білімдерін растайтын құжаттары 1-қосымшаға толтырылып, ресми интернет-ресурсына mariama-uralsk.edu.kz орналастырылды.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 2 сәуірде № 34217, аттестаттау ережелеріне сәйкес Мергенбаева Айсауле Ержанқызы ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайының менгерушісі 2023 жылы 28 тамыз №28 бұйрығымен бекітілген. Бұйрықтары қосымша берілді.

Қорытынды: *Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі қолданыстағы біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Педагогтердің білім деңгейі атқаратын лауазымдарына сай келеді және тиісті дипломдармен, қайта даярлау туралы құжаттармен расталған.*

Өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың білімі туралы құжаттары зерделеніп, олардың белгіленген талаптарға сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша талаптар толық орындалып, 5 баллмен бағаланды.

Кемінде үш жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру\растау туралы мәлімет:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (өзгерістер 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығы) бекітілген мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 24 тармағына сәйкес ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайының педагогтері кемінде үш жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырып (растап) отырады. (1-қосымшада жалғанды) барлығы

2023–2024 оқу жылы: 9 педагог: оның ішінде 3 педагогтің санаты бар: 3 педагог-

модератор, 2 жас маман.

2024–2025 оқу жылы 8 педагог: оның ішінде 4 педагогтің біліктілік санаты бар, оның ішінде педагог–модератор–4, жас 2-маман.

2025–2026 оқу жылы 9 педагог оның ішінде 7 педагогтің біліктілік санаты бар, оның ішінде педагог–модератор–7, жас 1-маман, 1 тәрбиеші (2026 жылы санатқа берді Ә.С.Шонаева «Ұстаз платформасында» құжаттары жинақталып, ПББ-тіркеле алмағандықтан санаты көтерілмей тұр. құжаттары куәліктерінің көшірмелері 1-қосымшаға тіркелді. Ресми интернет-ресурстарына орналастырылды

Педагогтердің біліктілік санаты 78 % құрады

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі 78% 3 баллмен бағаланды. Дәлелдеме құжаттары 1–қосымшада жалғанған.

Кестеде 2023–2026 жылдардағы педагогтердің санаты ұсынылған:

Жылы	Педагогтар саны	Біліктілік санаттары бар педагогтар	%	Біліктілік санаты							
				Меңгерушінің білім біліктілік	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ/педагог
2023-2024	9	3	34%	0	0	0	3	0	0	0	6
2024-2025	8	4	50%	0	0	0	4	0	0	0	4
2025-2026	9	7	78%	0	0	0	7	0	0	0	2

Қорытынды: Педагогтердің біліктілік санатын арттыруы немесе растауы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Педагогтер мен басшылық құрам белгіленген мерзімдерде аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын растайды немесе арттырады. Педагогтердің біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі, аттестаттау нәтижелері тиісті құжаттармен расталған. Өзін-өзі бағалау барысында педагогтердің біліктілік санаттарына қатысты құжаттары зерделеніп, талаптардың толық сақталғаны анықталды. Осы өлшемшарт бойынша талаптар толық орындалып, **3 баллмен** бағаланды

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайының педагогтері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының өткізу және ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы өзгерістері мен толықтыруларымен енгізілген нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарының талаптарына сәйкес педагогтердің біліктілігін арттыру кемінде үш жылда бір рет жүзеге асырылады.

Осы талаптарды орындау мақсатында балабақшада 2023-2025 жылдарға арналған біліктілікті арттыру және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес педагогтер үш жылда бір реттен сиретпей біліктілікті арттыру курстарынан өтіп отырады.

Оқу жылдары	Педагогтер саны	Біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер саны	Пайыздық мөлшермен (%)
2023-2024 оқу жылы	9	8	89%
2024-2025 оқу жылы	8	6	75%
2025-2026 оқу жылы	9	9	100%

2023–2024 оқу жылында басшы мен тиісті бейін бойынша 8 педагогтың біліктілігін арттыру курстары бар. 1 педагог курс уақыты өтіп кеткен.

2024–20245 оқу жылында басшы мен тиісті бейін бойынша 6 педагогте біліктілікті арттыру курстары бар. 2 педагог жас маман.

2025–2026 оқу жылында басшы мен тиісті бейін бойынша 9 педагогте біліктілікті арттыру курстары бар. 100% пайыз құрайды.

Қорытынды: Педагогтердің, оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының, біліктілікті арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өтуі қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес қамтамасыз етілген. Барлық педагогтер біліктілікті арттыру курстарынан уақытылы өтіп, тиісті сертификаттармен расталған.

Өзін-өзі бағалау барысында педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі бойынша құжаттар зерделеніп, олардың белгіленген мерзімдерге сәйкес келетіні анықталды.

Курстардан өту туралы мәліметтер педагогтердің жеке іс-құжаттарында тіркелген.

Осы өлшемшарт бойынша талаптар толық орындалып, **5 баллмен** бағаланды.

Тәрбиеленушілер контингенті

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) сақтау;

Ерекше білімді қажет ететін балалар жоқ.

Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топтарға орналастыру туралы мәліметтер:

2023-2026 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшаның 25-тармағына сәйкес («Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады (бір жас тобында–1 жыл) 3 топ жасақталған.

2023–2024 оқу жылында ЖШС «Мариям А» «МарияМА» бөбекжайында оқу мен тәрбие беру процесі 3 топта жүргізілді. Топтардың толымдылығы 15–20 баланы құрады.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Барлық бала саны	Соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалар саны
1	«Еркем-ай»	кіші	20	0
2	«Құлыншақ»	ортаңғы	11	0
3	«Айгөлек»	ересек	17	0
	Барлығы: 3 топ		48 бала	0 бала

2024–2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшасының 25-тармағына сәйкес («Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады (бір жас тобында–1 жыл) 3 топ жасақталған.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Барлық бала саны	Соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалар саны
1	«Еркем-ай»	кіші	15	0
2	«Құлыншақ»	ортаңғы	14	0
3	«Айгөлек»	ересек	15	0
	Барлығы: 3 топ		44 бала	0 бала

2025–2026 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшасының 25-тармағына сәйкес («Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады (бір жас тобында–1 жыл) 3 топ жасақталды. Соның бір тобы аралас топ болып қалыптасты

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Барлық бала саны	Соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалар саны
1	«Еркем-ай»	кіші	12	0
2	«Құлыншақ»	ортаңғы	12	0
3	«Айгөлек»	ересек	13	0
	«Айгөлек»	мектепалды	4	0
	Барлығы: 3 топ		41 бала	0 бала

Қорытынды: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Топтарды жинақтау кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері толық ескеріліп, белгіленген нормативтік талаптар сақталған.

Өзін-өзі бағалау барысында жас топтарын қалыптастыру бойынша құжаттар (топ тізімдері, бұйрықтар) зерделеніп, олардың қолданыстағы талаптарға сәйкес келетіні анықталды. Ұйымда жас топтарын қалыптастыру талаптары толық орындалған.
Осы өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.

Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;

2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында балаларды бөбекжайға қабылдау «Balabaqsha.nation» электрондық портал арқылы жүзеге асырылды.

Әдістемелік ұсынымның 3 қосымшасында берілген мәлімет бойынша

Оқу жылы	Оқу жылы басындағы балалар саны	Мектепке кеткен балалар сан
2023–2024	48	17
2024–2025	44	11
2025–2026	41	15

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында 2–қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері ұсынылған. 2025–2026 оқу жылы мектепке кететін бала саны шамамен 15 бала шығуды жоспарланып отыр, оның 4 бала 1 сыныпқа барады. Ұлттық білім беру деректер базасынан алынған мәліметтермен сәйкес келеді.

Қорытынды: Балабақшада балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік қағидаларына сәйкес жас топтары қалыптастырылған. Жас топтарын жинақтау барысында балалардың жас кезеңдері мен даму ерекшеліктері толық сақталады. Білім беру процесі әрбір жас тобының жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылып, нормативтік талаптарға сай жүргізіледі. Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы – 5 балл

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау:

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайында 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары және балалар мен ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 6, 7, 8-тармақтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (№182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 22-тармағына сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптары сақталған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие мен оқыту мерзімдеріне қатысты жаңа талаптарына (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық) сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, күнтізбелік жылда толық жасқа толуын негізге ала отырып 3 жас тобы құрылды. Осы топтарда тәрбиелеу-білім беру процесі нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылуда.

Кіші топ–2 жас,
Ортаңғы топ–3 жас,
Ересек топ–4 жас.

1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу № 182 бұйрығымен бекітілген) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 22 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 25, 26 тармақшаларына сәйкес ЖШС «МариямА» «МариямА» бөбекжайына 2 жастан бастап қабылданып, 6 жасқа дейін Үлгілік оқу бағдарламаны толық меңгеріп шығады.

Мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады.

2023–2024 оқу жылдарында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа оқу жылында күнтізбелік жылға толық жасын ескере отырып 3 топ құрылды, тәрбиелік–білім беру процесін жүзеге асырды. Оның 3 қазақ тобы.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Оқыту тілі	Бала саны
1	«Еркем-ай»	2 жас	қазақ	20
2	«Құлыншақ»	3 жас	қазақ	11
3	«Айгөлек»	4жас	қазақ	17
Барлығы 3 топ			3қазақ тобы	48

2024–2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу–ағарту министрлігімен тәрбие мен оқыту мерзіміне жаңа талаптар бекітілді (№348, 03.08.2022 жылғы), балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа оқу жылында күнтізбелік жылға толық жасын ескере отырып 3 топ құрылды, тәрбиелік–білім беру процесін жүзеге асырды. Оның 3 қазақ тобы.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Оқыту тілі	Бала саны
1	«Еркем-ай»	2 жас	қазақ	15
2	«Құлыншақ»	3 жас	қазақ	14
3	«Айгөлек»	4жас	қазақ	15
Барлығы 3 топ			3қазақ тобы	44

2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу–ағарту министрлігімен тәрбие мен оқыту мерзіміне жаңа талаптар бекітілді (№348, 03.08.2022 жылғы), балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа оқу жылында күнтізбелік жылға толық жасын ескере отырып 3 топ құрылды, тәрбиелік–білім беру процесін жүзеге асырды.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Оқыту тілі	Бала саны
1	«Еркем-ай»	2 жас	қазақ	12
2	«Құлыншақ»	3 жас	қазақ	12
3	«Айгөлек»	4жас	қазақ	13
	«Айгөлек»	5 жас	қазақ	4
Барлығы 3 топ			3 қазақ тобы	41

Қорытынды: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Топтарды жинақтау кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері толық ескеріліп, белгіленген нормативтік талаптар сақталған.

*Өзін-өзі бағалау барысында жас топтарын қалыптастыру бойынша құжаттар (топ тізімдері, бұйрықтар) зерделеніп, олардың қолданыстағы талаптарға сәйкес келетіні анықталды. Ұйымда жас топтарын қалыптастыру талаптары толық орындалған. (Тәрбиеленушілердің тізімі тіркелді. Кестедегі 2 қосымша). Осы өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.*

1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу №182 бұйрығымен бекітілген) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттының 22 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 25, 26 тармақшаларына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының ЖШС «МариямА» «Мариям А» бөбекжайы тәрбиенушілері 2 жастан бастап қабылданып, 6 жасқа дейін Үлгілік оқу бағдарламаны толық меңгеріп шығады. Мектеп жасына жеткен тәрбиенушілер мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады, бұл балалардың қозғалысы туралы бұйрықтармен расталған.

«Мариям А» бөбекжайында 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында мектепалды тобы қалыптастырылмады, 2025-2026 оқу жылында әртүрлі ересек, мектепалды тобы қалыптастырылды.

2023-2024 оқу жылын «Айгөлек» ересек тобындағы 17 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, мектептің мектепалды сыныбына қабылданды.

2024-2025 оқу жылын «Айгөлек» ересек тобындағы 11 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, мектептің мектепалды сыныбына қабылданды.

2025-2026 оқу жылы «Айгөлек» аралас жас \ересек\ тобындағы 11 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, мектепалды тобына шығарылады деп жоспарлануда, «Айгөлек» аралас \мектепалды\ тобындағы 4 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, мектептің 1 сыныбына шығарылады деп жоспарлануда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

*Қорытынды: ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту талаптары сақталған. (Тәрбиеленушілердің тізімі тіркелді. Кестедегі 2 қосымшада берілді) **5 баллмен** бағаланды.*

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

2023–2024, 2024-2025 оқу жылы бойынша ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы; (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаменті ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» 1-қосымшасына ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.10.2024 ж. № 319 бұйрығымен өзгерістер енгізілді (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). 11.11.2024 "Дене шынықтыру" ұйымдастырылған іс-әрекеті "Дене тәрбиесі" ұйымдастырылған іс-әрекеті болып өзгертілді және т.б. өзгерістер құжаттарға енгізілді.)

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;

- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты») РММ

ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын жүзеге асыру үшін ұйымдастырылған қызметті ойын іс–әрекет түрінде жоспарлап, балалардың әртүрлі қызметі күні бойы ойын түрінде педагогтермен ұйымдастырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеушілік, еңбек, өз бетінше жұмысы), соның ішінде Мектепке дейінгі ұйымның бағытын ескере отырып балалардың қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, отбасылық құндылықтарын, патриоттық сезімдерін, Отанын сүйуге, әлеуметтік–мәдени нормаларға оларды тарту, қауіпсіздік ережелерін дамыту бойынша міндеттерді орындайды.

Ұйымдастырылған іс–әрекет кестесі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып білім беру дағдыларын дамыту бойынша құрылды:

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін

атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы;

- 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы);

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас тобы
		кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі**	күн сайын
2	Тіл дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын
	Сурет салу	күн сайын
5	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка****	күн сайын

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 16 қаңтардағы
№ 7 Бұйрыққа
2-қосымша/
Қазақстан Республикасы

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	күн сайын
2	Тіл дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****		

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Басқа тілдерде оқытатын топтарда мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы педагогке бағдарлама айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру,

белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

*****Арнайы түзету іс-әрекеті арнайы және жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда, арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 16 қаңтардағы
№ 7 Бұйрыққа
3-қосымша/ Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі
(лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі
тәрбиені оқытудың үлгілік оқу жоспары (5жастағы балалар)
мектепалды топтары**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	
2	Тіл дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған әлеммен таныстыру		2 сағат
	Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат

	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

. Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жағдайлар толық қамтамасыз етілген. Ұйымның бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары, перспективалық жоспарлары және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған ішкі жоспарлау құжаттары бар.

Алқалы басқару органдарының қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес және оқу-әдістемелік жұмыс бекітілген тәртіпке сай ұйымдастырылып, отырыстар жүйелі түрде өткізіліп отырады, хаттамалар белгіленген үлгіде рәсімделген.

Педагогикалық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Қамқоршылық кеңестің жұмысы 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу-әдістемелік жұмыс 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығына, ал педагогикалық әдеп қағидалары 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес сақталады.

Барлық аталған құжаттар мен материалдар ұйымның ресми интернет-ресурсында (сайтында) толық көлемде орналастырылған және ашық қолжетімді. Бұл басқару құрылымының ашықтығын, жариялылығын және нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 4–тармағы 1–тармақшасы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1–қосымшасындағы 4–тармағы 3–тармақшасы талаптарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің бұйрығының талаптарына жас ерекшеліктері бойынша топтардың оқу жұмыс жоспары сәйкес келеді (20.12.2012 жылғы №577 (№195, 12.05.2020ж және №394, 09.09.2022ж өзгерістерімен) (қосымшада оқу жұмыс жоспары ұсынылды) Өзін-өзі бағалау нәтижесінде басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі толық көлемде заңнама талаптарына сәйкес келетіні анықталды. Сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Осы өлшемшарт бойынша 5 балл қойылды.

Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі–МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

2023-2024 оқу жылында бөбек жасындағы, мектеп жасына дейінгі, мектепалды топтардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесі төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып, ұйымдастырылады:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мектепалды мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы).

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың апталық оқу жүктемесінің көлемі - 20 сағат және ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы – 20-25 мин.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту

процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы**;

- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидалары;
 - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;
 - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;
 - «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы.
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;
 - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы;
 - 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы);
- Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жағдайлар толық қамтамасыз етілген. Ұйымның бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары, перспективалық жоспарлары және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған ішкі жоспарлау құжаттары бар.

Алқалы басқару органдарының қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес және оқу-әдістемелік жұмыс бекітілген тәртіпке сай ұйымдастырылып, отырыстар жүйелі түрде өткізіліп отырады, хаттамалар белгіленген үлгіде рәсімделген.

Педагогикалық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Қамқоршылық кеңестің жұмысы 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу-әдістемелік жұмыс 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығына, ал педагогикалық әдеп қағидалары 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес сақталады.

Барлық аталған құжаттар мен материалдар ұйымның ресми интернет-ресурсында(сайтында) толық көлемде орналастырылған және ашық қолжетімді. Бұл басқару құрылымының ашықтығын, жариялылығын және нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі толық көлемде заңнама талаптарына сәйкес келетіні анықталды. Сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Осы өлшемшарт бойынша 5 балл қойылды.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

- Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы:

2023–2024 оқу жылында ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» (оған өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрықпен енгізілген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» және 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» негізінде құрылды.

2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайында тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. Білім беру процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне» сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда №29326 болып

тіркелген) бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес құжаттар, сондай-ақ 2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты») РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы) басшылыққа алынды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» (өзгерістер мен толықтыруларымен) талаптарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылады.

Күн тәртібінің сақталуы және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (МЖМБС) сәйкес балалар қызметінің түрлерін ұйымдастыру толық қамтамасыз етілген. Ұйымда күн тәртібі бекітіліп, балалардың жас ерекшеліктеріне сай режимдік сәттер (таңғы қабылдау, таңғы жаттығу, тамақтану, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуен, ұйқы және дербес іс-әрекет) жүйелі түрде орындалады.

Балалардың қызмет түрлері МЖМБС талаптарына сәйкес жоспарланып, ойын, қимыл-қозғалыс, танымдық, шығармашылық және коммуникативтік әрекеттерді қамтиды. Тәрбие-білім беру процесі күн тәртібіне сай ұйымдастырылып, балалардың қауіпсіздігі мен дамуына қолайлы жағдай жасалған.

Дамытушы орта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. Топтарда балалардың эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін ойын, танымдық, шығармашылық және қимыл-қозғалыс орталықтары қарастырылған.

Балалардың еркін әрекет етуіне және бірлескен іс-әрекет түрлерін таңдауға қажетті жағдайлар жасалған.

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (ҮОЖ), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (ҮОБ) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие процесі бекітілген перспективалық жоспар, циклограмма және ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылған. Барлық жоспарлау құжаттары МЖМБС, ҮОЖ және ҮОБ талаптарына сай әзірленген және орындалады.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде тәрбиелеу-білім беру процесінің жоспарлануы мен іске асырылуы нормативтік талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша 5 балл қойылды.

5. Оқу–материалдық активтер

Тәрбие мен оқытудың нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Қазақстан Республикасы Оқу–Ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№29329 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) сақтау;

- Ғимарат туралы мәлімет:

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайында 2022 жылдан бері қызмет көрсетіп келеді. Бөбекжай 2 қабатты типтік ғимаратта орналасқан; жалпы ауданы-185 м², құрылыс ауданы – 144 м². Мекеме 48 балаға шақталған. Қазіргі таңда 3 топ жұмыс істейді: барлығы қазақ тілінде тәрбие береді. Ғимараттың ішкі бөлігіне жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Қауіпсіздік шаралары:

Бөбекжайда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі мен «дабыл түймесі» орнатылған. Мекеме ішінде (топтарда, дәліздерде) және сыртқы периметрі бойынша барлығы 8 бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Аталған мәліметтер Ұлттық білім беру деректер қорындағы (ҰБДҚ) ақпараттарға толық сәйкес келеді.

Материалдық-техникалық база:

Үш топта да ойын және жатын бөлмелері біріктірілген. Мұнымен қоса, медициналық кабинет пен асхана қарастырылған. Бөбекжайда интернет желісіне қосылған 2 компьютер бар (жылдамдығы-10 Мбит/с). Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сай қажетті жиһаздармен (үстел, орындық, кереует), төсек жабдықтарымен, оқу құралдарымен және ойыншықтармен толық қамтамасыз етілген.

Жарақтандыру нормаларына сәйкес ұйым тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдарымен толық қамтамасыз етілген. Топтарда дамытушы ойындар, дидактикалық құралдар, көрнекі материалдар, конструкторлар, шығармашылыққа арналған құралдар және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға арналған жабдықтар пайдаланылады.

Оқу және ойын материалдары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі түрде қолданылады. Материалдық базаның жай-күйі балалардың жан-жақты дамуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі бағалау барысында оқу және ойын материалдарының жарақтандыру нормаларына сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы №265 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету нормалары басшылыққа алынады.

Осыған сәйкес жыл сайын жергілікті бюджеттен қаражат қарастырылып, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы кезең-кезеңімен нығайтылуда..

ЖШС ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы 2023–2026 оқу жылдарында бөбекжайдың техникалық базасын нығайту мақсатында 13614000 (он үш миллион алты жүз он төрт мың теңге) қаражатқа ойыншықтар мен жиһаздар сатып алынған. Оның ішінде бөбекжайға қажет жабдықтарға 10 132 334 теңге (он миллион жүз отыз екі мың үш жүз отыз төрт теңге). Ойыншықтарға 3 481 666 теңге (үш миллион төрт жүз сексен бір мың алты жүз алпыс алты) теңге жұмсалынған. Балалардың жас ерекшеліктері бойынша әрбір топта балаларға арналған үстел, орындық, керует, төсек жабдықтары, оқу құралдары, ойыншықтар қажетті көлемде толықтырылған.

2023-2026 оқу жылы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы әдістемелік ұсынымның 3-қосымшасына сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кестеде заттар тізбесі ұсынылған, дәлелдеме құжаттары қоса беріліп, ресми интернет-ресурста орналастырылды.

Жарақтандыру нормаларына сәйкес ұйым тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдарымен толық қамтамасыз етілген. Топтарда дамытушы ойындар, дидактикалық құралдар, көрнекі материалдар, конструкторлар, шығармашылыққа арналған құралдар және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға арналған жабдықтар пайдаланылады.

Оқу және ойын материалдары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі түрде қолданылады. Материалдық базаның жай-күйі балалардың жан-жақты дамуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі бағалау барысында оқу және ойын материалдарының жарақтандыру нормаларына сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.

Қосымша: Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген жарақтандыру нормаларының талаптарына сәйкес келеді. Топ бөлмелері, кабинеттер және ортақ пайдалану орындары қажетті жиһаздармен, оқу-ойын жабдықтарымен және дамытушы құралдармен қамтамасыз етілген.

Жиһаздар мен жабдықтар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, қауіпсіздік және санитариялық талаптарды сақтай отырып орналастырылған. Жарақтандыру нормаларының орындалуын растайтын құжаттар ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

*Өзін-өзі бағалау барысында ұйымның жабдықтары мен жиһазының жарақтандыру нормаларына толық сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша **4 баллмен** бағаланды.*

(3 қосымшаға сәйкес жабдықтар және жиһаздармен қамтамасыз ету бойынша мәлімет басшының қолымен, мөрімен расталған кесте қоса берілді, сондай-ақ жүк құжаттарының көшірмелері және бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса берілді)

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

- Оқу әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер:

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайында оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» құжатына сәйкес қамтамасыз етілген.

Оқу-тәрбие процесінде бекітілген оқу-әдістемелік кешендер толық қолданылады және олар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылы 409 дана, оның ішінде мемлекеттік тілдегі 385 дана, орыс тілінде 24 дана алынды. Барлығы: Баспа "Алматы кітап", "Атамұра" -421569 тг балабақша қорынан және «Балапан» тобы ата аналары өтініші негізінде 56 оқу әдістемелік құралдарды балабақша қорына сыйға тартты.

2024-2025 оқу жылы 471 дана оның ішінде мемлекеттік тілдегі 447 дана, орыс тілінде 27 дана алынды. Барлығы: Баспа "Атамұра", "Шұғыла"-476985 тг балабақша қорынан және «Балапан» тобының ата-ана тарапынан және қамқоршылық кеңесі мүшелерінен бірқатар оқу-әдістемелік құралдар балабақша қорына демеушілік ретінде сыйға берілді.

2025-2026 жылы 480 дана оның ішінде мемлекеттік тілдегі 456 дана, орыс тілінде 24 дана алынды. Барлығы: Баспа "Алматы кітап", "Атамұра" -492500тг балабақша қорынан алынды. (қосымшаға сәйкес басшының қолымен, мөрімен расталған кесте қоса берілді).

Жыл сайын бөбекжайда «Шұғыла», «Алматы кітап», «Атамұра» республикалық басылымдардың әдістемелік әдебиеттерін алып отырады.

Компьютерлер саны - 2, оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - 2, оқу үдерісіне пайдаланатын компьютерлер саны -1, оның ішінде ғаламторға шығатын мүмкіндігі бар компьютер саны -2. Оқытушыларға/мұғалімдерге/тәрбиешілерге арналған компьютерлер саны -1, принтер -1.

Интернет (нүкте) желісіне рұқсаттың болуы 1 бірлікте «Қазақтелеком АҚ» 08.01.2023 жылдың № 8 келісім шарты бойынша 10 мбит/с, факт бойынша интернеттің жылдамдығы 10 Мбит/с кең жолақты интернетке кіру шлюзі 1 компьютер нүктесіне таралып қосылды.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану үшін қажетті жағдайлар жасалған. Ұйым компьютерлік техникамен, мультимедиялық құрылғылармен және интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.

Педагогтер оқу-тәрбие процесінде ақпараттық білім беру ресурстарын, цифрлық платформаларды және заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланады. Интернет желісіне тұрақты қолжетімділік қамтамасыз етілген және ақпараттық ресурстарды пайдалану қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету көрсеткіші 4 қосымша негізінде жинақталып ұсынылған. Әдістемелік ұсынымның 4–қосымшасына сай мәліметтер беріліп, ресми интернет–ресурста орналастырылды.

Қорытынды: Тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес бекітілген оқу-әдістемелік кешендер қолданылады. Ұйым қажетті оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етілген.

Оқу-әдістемелік кешендер Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі түрде пайдаланылып, педагогтердің сапалы жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді. Қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар бекітілген тізбеге сәйкес келеді.

Өзін-өзі бағалау барысында оқу-әдістемелік кешендердің болуы және қолданылуы талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

қолдану үшін қажетті жағдайлар жасалған. Ұйым компьютерлік техникамен, мультимедиялық құрылғылармен және интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.

Педагогтер оқу-тәрбие процесінде ақпараттық білім беру ресурстарын, цифрлық платформаларды және заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланады. Интернет желісіне тұрақты қолжетімділік қамтамасыз етілген және ақпараттық ресурстарды пайдалану қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалау барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу деңгейі мен олардың қолданылуы талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

- баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы:

Баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін 2023-2024 оқу жылы балалардың біліктілігі мен дағдыларын дамыту бойынша бақылау кезеңіндегі жыл басы мен аяғындағы балалар саны. Барлығы 3 топ, оның жыл басында 48 балаға, ортасында 49 және жыл аяғында 48 балаға мониторинг жүргізілді және жеке даму парағын толтырылды.

	2023-2024 оқу жылы	Жыл басында	Жыл ортасында	Жылдың аяғында
№	Топтар	Балалар саны	Балалар саны	Балалар саны
1	«Еркем-ай» кіші тобы	20	20	20
2	«Құлыншақ» ортаңғы тобы	11	11	11
3	«Айгөлек» ересек тобы	17	18	17
Барлығы		48	49	48

2024-2025 оқу жылы балалардың біліктілігі мен дағдыларын дамыту бойынша бақылау кезеңіндегі жыл басы мен аяғындағы балалар саны. Барлығы 3 топ, оның жыл басында 44 балаға, ортасында 47 және жыл аяғында 45 балаға мониторинг жүргізілді және жеке даму парағын толтырылды.

	2024-2025 оқу жылы	Жыл басында	Жыл ортасында	Жылдың аяғында
№	Топтар	Балалар саны	Балалар саны	Балалар саны
1	«Еркем-ай» кіші тобы	15	17	16
2	«Құлыншақ» ортаңғы тобы	14	14	14
3	«Айгөлек» ересек тобы	15	16	15
Барлығы		44	47	45

2025-2026 оқу жылы балалардың біліктілігі мен дағдыларын дамыту бойынша бақылау кезеңіндегі жыл басында балалар саны. Барлығы 3 топ, оның жыл басында 41 балаға, ортасында 41 және жыл аяғында 40 балаға мониторинг жүргізілді және

жеке даму парағын толтырылды.

	2025-2026 оқу жылы	Жыл басында	Жыл ортасында	Жылдың аяғында
№	Топтар	Балалар саны	Балалар саны	Балалар саны
1	«Еркем-ай» кіші тобы	12	12	13
2	«Құлыншақ» ортаңғы тобы	12	13	12
3	«Айгөлек» ересек тобы	13	12	11
	«Айгөлек» мектепалды тобы	4	4	4
Барлығы		41	41	40

Барлық топ балаларының жеке даму картасы толтырылып, даму деңгейлері көрсетілді. ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайында 2023-2024, 2024-2025, 2025–2026 жылдары мониторинг «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдануға ұсынылған «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» әдістемелік ұсынымдары нәтижесінде бес білім беру саласы бойынша бастапқы, қорытынды мониторинг дағдылары бойынша жүргізілді. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде жеке даму картасы толтырылды, топтарда балалардың білім білік дағдыларына бастапқы мониторинг жүргізіліп жеке даму картасы толтырылды. «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұны айқындалып. Баланың өмірі мен денсаулығын сақтау циклограммасында күннің екінші жартысында баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыстар жүргізілді.

***Қорытынды:** Үлгілік оқу бағдарламасының (ҮОБ) мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг жүйелі түрде жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері тәрбиеленушілердің бастапқы, аралық және қорытынды даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді және жеке даму карталарында тіркеледі.*

Жүргізілген мониторинг нәтижелері негізінде педагогтер оқу-тәрбие процесін жоспарлау мен түзету жұмыстарын жүзеге асырады. Барлық алынған деректер талданып, балалардың даму динамикасын бақылауға қолданылады.

Өзін-өзі бағалау барысында ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің толық жүргізілетіні және құжатталатыны анықталды. Осы өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды.

- тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы, аралық, қорытынды) болуы және нәтижелерін талдауы:

2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайында тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізілді.

Мониторинг «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдануға ұсынылған (2020 жылғы 28 қыркүйектегі №5 хаттама) «Мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдары» негізінде жүзеге асырылды.

2023–2024 оқу жылынан бастап мониторинг нәтижелерін бағалау және талдау «Балаларды ерте дамыту институты» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамасымен мақұлданған әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді. Мониторинг нәтижелері тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейін анықтауға, сондай-ақ тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын жетілдіруге бағытталды.

Жиынтық есеп
ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы 2023-2024 оқу жылына
балалардың біліктілігі мен дағдыларын дамыту бойынша (бастапқы)
бақылау нәтижесі

			Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
№	Топтар	Балалар саны	жоғары	орташа	төмен
1	«Еркем-ай» кіші тобы	20	81%	19%	0%
2	«Құлыншақ» ортаңғы тобы	11	82%	18%	0%
3	«Айгөлек» ересек тобы	17	92%	8%	0%
	Барлығы	48			
			Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 85%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 15%	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 0%

2023-2024 оқу жылының басында 48 бала қатысты. Оның жоғары даму деңгейі 85% құрады. Орташа даму деңгейі– 15% құрады. Төмен даму деңгейі 0% көрсетті . (3 жастағы балалар балабақша жағдайына бейімделуде). Кестеде жас ерекшеліктері бойынша топтардың бастапқы мониторингінің қорытындысы ұсынылды. Орташа және жоғары деңгейін санағанда 85% құрайды.

Жиынтық есеп

Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			БАРЛЫҒЫ					
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	%	олардың ішінде орташа деңгей	%	олардың ішінде төмен деңгей	%			
Кіші топ	20	16	4	0	16	4	0	15	5	0	17	3	0	17	3	0	16	81	4	19	0	0
Ортаңғы топ	11	9	2	0	9	2	0	9	2	0	9	2	0	9	2	0	9	82	2	18	0	0
Ересек топ	17	15	2	0	16	1	0	16	1	0	16	1	0	15	2	0	16	92	1	8	0	0
Барлығы	48	40	8	0	41	7	0	40	8	0	42	6	0	41	7	0						
%	100	83	17	0	85	15	0	83	17	0	88	13	0	85	15	0						

Жиынтық есеп

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайының 2023-2024 оқу жылына
балалардың біліктілігі мен дағдыларын дамыту бойынша (аралық) бақылау
нәтижесі

			Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
№	Топтар	Балалар саны	жоғары	орташа	төмен

1	«Еркем-ай» кіші тобы	20	12%	67%	21%
2	«Құлыншак» ортаңғы тобы	11	27%	62%	11%
3	«Айгөлек» ересек тобы	17	17%	66%	18%
	Барлығы	48			
